

ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНЕ АРНАЛҒАН ФОРУМ

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында «Ислам өркениеті: бейбітшілік, төзімділік және ғылым-білім жолы» тақырыбындағы І халықаралық Ислам өркениеті форумы өтті. Халықаралық форумға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған ҚМДБ делегациясы да қатысты.

Форум аясында Ислам өркениетінің бейбітшілік пен ғартаушылық қағидаттарын дәріптеу, діни-ғартаушылық саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ өзара тәжірибе алмасу мәселелері талқыланады. ҚМДБ Төрағасы форумда баяндама жасап, Ислам өркениетінің адамзат тарихындағы орны мен рухани-мәдени манызына тоқталды. Сондай-ақ бейбітшілік және ғылым-білімді дәріптеу Ислам дінінің негізгі

құндылықтарының бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар ҚМДБ Төрағасы қазіргі кезеңде дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттау, діни-ағартушылық қызметті жетілдіру, жастардың рухани тәрбиесін күшейту және халықаралық ғылыми-діни ынтымақтастықты дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына ерекше назар аударды.

Айта кетейік, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының делегациясын Өзбекстан



үкіметі жанындағы Дін істері жөніндегі комитет төрағасы Содик Тошбаев пен Ислам өрке-

ниеті орталығының директоры
Фирдавс Абдухаликов шақырған
болатын.



ҚАТАР ЕЛШІСІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы
Наурызбай қажы Тағанұлы Қатар мемлекетінің
Қазақстандағы елшілігіне барып, Қатар мемлекетінің
бұрынғы өмірі, шейх Хамад бен Халифа әл-Төнидің
дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтты.

Бас мүфти Қатардың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісіне, марқұмның отбасы мен туған-туыс-

тарына, сондай-ақ барша Қатар халқына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атынан қайғыға ортақ



екенін жеткізді. Сондай-ақ ҚМДБ Төрағасы шейх Хамад бен Халифа әл-Тәнидің Қатар мемлекетінің өркендеуіне, халқының әл-ауқатын арттыруға және халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қосқан тарихи үлесін атап өтті.

Сонымен қатар Бас муфти марқұмның рухына дұға жасап, Алла Тағаладан шейх Хамад бен Халифа әл-Тәниді рақымына бөлеп, мәңгілік мекенін жәннаттан етуін, ал артында қалған туған-туыстары мен барша Қатар халқына көркем сабыр нәсіп етуін тіледі.



БАС МЕШІТТІҢ АТАУЫ ӨЗГЕРДІ

Елордадағы Республикалық бас мешітке «Нұрсұлтан мешіті» атауы берілді. Діни басқарма mufyat.kz ресми сайтында хабарлама жариялап, жаңа атаудың ресми қолданысқа енгізілгенін хабарлады.

«Республикалық бас мешіт — елорданың ғана емес, барша Қазақстан мұсылман жамағатының ортақ рухани ордасы. Мешіт халық бірлігін нығайтуға, бейбітшілік пен келісімді дәріптеуге, ізгілік пен мейірімділік құндылықтарын насихаттауға, сондай-ақ имандылық пен адамгершілікке негізделген игі бастамаларды қолдауға қызмет етіп келеді.

Жана атаумен Республикалық бас мешіт алдағы уақытта да халқымыздың рухани өміріне қызмет етіп, қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға, дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтауға және игі бастамаларды дамытуға үлес қоса береді» делінген ҚМДБ бағдарламасында.

Онлайн жүздесу барысында шәкірттер өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді. Бас мүфти көтерілген мәселелердің кезең-кезеңімен шешімін табатынын айтып, тиісті жұмыстар жүргізілетінін жеткізді.

үндөдү. Сондай-ак КМДБ мен Түркия Дин иштери баскармасы арасындагыынтымактастык аясында жүзеге асып жаткан билим беруу багдарламасынын маңызын атап өтүп, болашакта олардын елдин руханий дамууна елеулі үлөс козатынына сенім бйдирди.

Кездесу соңында Наурызбай кәжы Тағанұлы шәкірттерге оқуын сәтті аяқтап, елге аман-есен оралып, халқымыздың рухани дамуына адал қызмет етулеріне тілектестік білдіріп, ақ батасын берді.

ИНДОНЕЗИЯ ВИЦЕ-МИНИСТРИН ҚАБЫЛДАДЫ

**Бас мүфти Наурызбай қажы
Тағанұлы Алматыда Индонезияның
Сыртқы істер министрінің
орынбасары Мұхаммад Анис
Маттаны қабылдады.**

Кездесуде КМДБ Төрағасы Қазақстан мен Индонезияны достық, сенім және ортақ рухани құндылықтарға негізделген берік қарым-қатынас байланыстыратынына атап өтті. Сондай-ақ кездесуде екі ел арасындағы рухани-мәдени байланыстың нығайту, өзара тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

БЕЛГЛІ КҮЙШІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Ұлттық домбыра күні қарсаңында ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы белгілі күйші, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбаймен кездесті.

Кездесу барысында қазақтың дәстүрлі күй өнерінің ұлт руханиятындағы орны, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен насихаттау, сондай-ақ рухани құндылықтарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру мәселелері сөз болды.

Бас мүфти ұлттық өнерді ұлықтап, күйшілік мектептің дамуына және қазақтың төл мәдениетін дәріптеуге сүбелі үлес қосып келе жатқан Жанғали Әлімханұлына алғысын білдірді.

Өз кезегінде күйші Діни басқарманың қоғамның рухани тұтастығын нығайту, ұлттық және діни құндылықтарды сабақтастыра насихаттау бағытындағы қызметіне сәттілік тілеп, ізгі лебізін жеткізді.

Кездесу соңында ҚМДБ Төрағасы күйшіге құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты. Сонымен қатар ұлттық өнерді дамытуға, қазақтың дәстүрлі күйшілік өнерін насихаттауға және рухани құндылықтарды дәріптеуге қосқан сүбелі үлесі үшін ризашылығын білдірді.

**МУФТИЯТТАҒЫ
МАҢЫЗДЫ
МӘЖЛІС**

ҚМДБ Төрағасының орынбасары,
Шариғат және пәтуа бөлімінің
меңгерушісі Сансызбай
Құрбанұлының жетекшілігімен
Дін мен дәстүр бөлімі, Жастар ісі
секторы және Әйел-қыздар
секторы мамандарының
қатысуымен онлайн мәжіліс өтті.

Жиына Дін мен дәстүр бөлімінің менгерушісі Ерболат Жүсіпов, Жастар ісі секторының менгерушісі Бағыжан Күзекбай және Әйел-қыздар секторының менгерушісі Динара Құтқожақызы қатысып, өз бағыттары бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері мен алдағы кезеңге жоспарланған жобаларды таныстырды. Сондай-ақ бөлімнің алдағы жұмыс бағыттары, басым міндеттері мен жүзеге асырылатын жобалар талқыланды.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ АДАЛ ҚОҒАМ

Осындай тақырыппен Қонаев қаласында республикалық рухани-танымдық форум өтті. Форумға Алматы облысының бас имамы Мадияр Тағайбайұлы, ҚМДБ Дін мен дәстүр бөлімінің меңгерушісі Ерболат Жүсіпов, сондай-ақ мешіт имамдары, жас отбасылар мен қоғам белсенділері қатысты.

Жиын қасиетті Құран аяттарын оқумен басталды. Одан кейін облыстың бас имамы Мадияр Тағайбайұлы сөз алып, отбасы тәрбиесінің қоғам тұрақтылығы мен ұлт болашағын айқындайтын басты құндылықтардың бірі екенін атап өтті. Дін мен дәстүр бөлімінің меңгерушісі Ерболат Жүсіпов отбасы ұлттың рухани тірегі әрі қоғамның берік негізі екенін атап өтті. Сондай-ақ ол ұлттық салт-дәстүр мен Ислам құндылықтарының өзара сабақтастығына тоқталып, жас ұрпақтың бойына имандылық, адамгершілік және отбасылық жауапкершілік қасиеттерін сіңірудің маңыздылығын кенінен түсіндірді.

Форум барысында спикерлер отбасы құндылығы, ұлттық құндылықтар мен отбасы институтын нығайту, адал қоғам қалыптастырудағы ата-ананың жауапкершілігі секілді тақырыптарда мазмұнды баяндама жасап, қоғамдағы отбасының орны, ұлттық тәрбие, рухани құндылықтар мен өскелең ұрпақ тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді жан-жақты талқылады.

«ХАСЕКИ» АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ШӘКІРТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Түркиядағы «Хасеки» академиясында білім алып жатқан қазақстандық шәкірттермен онлайн форматта кездесті.

Кездесу барысында Бас мүфти білім іздеудің Исламдағы маңызына

тоқталып, шәкірттерді ілімді терең меңгеріп, оны ел игілігіне жұмсауға

Көне қолжазбалар мен сирек кітаптар – халықтың тарихи жадын, рухани болмысын және мәдени сабақтастығын сақтап тұрған баға жетпес мұра. Ғасырлар қойнауынан жеткен жазба жәдігерлерде қазақ халқының тарихына, әдебиетіне, тіліне, дініне және дүниетанымына қатысты құнды мәліметтер жинақталған. Бұл мұралар тек өткеннің куәсі ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани дамуын айқындайтын маңызды дереккөздер екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан оларды анықтау, сақтау, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі саналады.

Қазақ халқының жазба мұраларының есәуір бөлігі әлемнің түрлі мемлекеттеріндегі мұрағаттар мен кітапханаларда сақталса, олардың маңызды бір бөлігі еліміздегі ғылыми және мәдени мекемелер қорларында жинақталған. Солардың ішінде Ұлттық кітапхана сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының байлығымен ерекшеленеді. Қорда араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған көптеген қолжазбалар мен көне басылымдар сақталған. Бұл жәдігерлердің басым бөлігін діни-дидактикалық, діни-танымдық және діни-канондық мазмұндағы еңбектер құрайды. Аталған қолжазбалар мен сирек кітаптар қазақ даласындағы дәстүрлі діни білім беру жүйесінің қалыптасуына, ұлттық діни танымның орнығуына және рухани сабақтастықтың сақталуына елеулі ықпал етті. Олардың қатарында Құран тәпсірі, Пайғамбар хадистерімен қатар «Қисас әл-әнбия», «Салат-и Масғуди», «Миграж ән-нәби», «Тазкират әл-аулия-йи турки», «Сабат әл-ғажизин», «Шарх-и Сабат әл-ғажизин», «Маслак әл-муттакин» секілді еңбектер бар. Бұл шығармалар ғасырлар бойы дәстүрлі медреселерде оқытылып, қазақ қоғамындағы діни сана мен рухани мәдениеттің қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар түркі әлемінің рухани көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауи мұрасын танытатын «Диуан-и хикмет», «Рисала-йи хазрет-и Султан», «Насаб-нама», «Хикмат-и Құл Сулайман Ата» секілді қолжазбалар түркі халықтарының діни-философиялық дүниетанымын зерттеуде ерекше маңызға ие. Бұлардан бөлек діни дастандар мен қиссаларда Пайғам-



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мұфти

ҚОЛЖАЗБАЛАРДА ҰЛТТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҚАТТАЛҒАН

барымыздың өмір жолы, сахабалар мен әулиелердің өнегелі қызметі кеңінен баяндалған. Алғашында қолжазба күйінде таралған бұл мұралар кейін тасбаспа және литографиялық басылымдар арқылы халық арасына кеңінен таралып, ұлт рухани кеңістігінің тұтастығын қамтамасыз етті.

Ұлттық кітапхана қорындағы түркі тіліндегі қолжазбалардың каталогын әзірлеу жұмыстары да — осы тарихи-рухани мұраны сақтау мен насихаттауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Қолжазбаларды ғылыми тұрғыдан сипаттау, жүйелеу және каталогтау олардың ғылыми айналымға енуіне мүмкіндік береді. Зерттелген және ғылыми айналымға енгізілген қолжазбалар қазіргі руханияттың дамуына қызмет етіп, тарихи сабақтастықтың сақталуына ықпал етеді.

Қолжазбаларды сақтау мәселесі тек ғылыми зерттеумен шектелмейді. Оларды реставрациялау, қайта қалпына келтіру, цифрландыру және келешек ұрпаққа жеткізу де — аса маңызды міндеттердің қатарында. Осы бағытта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айт-

қанда, 2024 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан Ислам ғылыми-зерттеу институты құрылып, дәстүрлі діни мектеп өкілдерінің еңбектерін, сирек кітаптар мен қолжазбаларды зерттеу, жариялау және ғылыми айналымға енгізу бағытында жұмыстар қолға алынды. Қысқа уақыт ішінде Институт тарапынан қазақ дін ғалымдарының он беске жуық қолжазбасы мен сирек кітаптары қазіргі ғылыми талаптарға сай исламтанулық тұрғыдан зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Олар көп томнан тұратын «Рухани мұра» сериясымен жарық көрді. Сонымен қатар өткен жылдың қараша айында институт жанынан Қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығы ашылды. Қазіргі таңда қорда ұлт тарихы, мәдениеті мен руханиятына қатысты екі жүзге жуық қолжазба мен сирек кітап сақтаулы. Олардың арасында бірегей әрі ғылыми құндылығы жоғары нұсқалар да кездеседі.

Бүгінде қордағы материалдарды жүйелеу, ғылыми сипаттау, каталогтау және классификациялау жұмыстары белсенді жүргізілуде. Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарас-

ты республика көлеміндегі үш мыңға жуық мешітте мыннан астам сирек кітаптар мен қолжазбалардың сақталғаны анықталды. Бұл жәдігерлердің көпшілігі арнайы сақтау жағдайларын қажет етеді. Осыған байланысты институттың үйлестіруімен еліміздің барлық өңіріндегі мешіттерде сақталған сирек кітаптар мен қолжазбаларды анықтау, есепке алу және бір орталыққа жинақтау жұмыстары қолға алынған. Соңғы уақытта мешіт жамағаттары мен жеке азаматтар тарапынан отбасылық қорларда сақталған көне кітаптар мен қолжазбаларды институт қорына тапсыру жағдайлары да жиілеп келеді. Бұл халықтың тарихи мұраға деген жауапкершілігінің артқанын көрсетеді. Институтқа тапсырылған мұралар арнайы ғылыми сараптамадан өткізіліп, зерделеу және ғылыми сипаттау жұмыстарынан кейін қорға қабылданады.

Алдағы кезеңде институт қорындағы барлық қолжазбалар мен сирек кітаптарды толық цифрландыру, олардың электронды каталогын әзірлеу және интернет желісінде көпшілікке қолжетімді ортақ ғылыми

Көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинақтау, сақтау, қалпына келтіру, зерттеу және цифрландыру жұмыстары — ұлттық рухани мұраны сақтаудың маңызды бағыттарының бірі. Бұл саладағы кешенді жұмыстар отандық исламтану, қолжазбатану және деректану ғылымдарының дамуына тың серпін беріп, қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Сондықтан қолжазба қорларын сақтау мен ғылыми айналымға енгізу ісі стратегиялық маңызы бар міндет болып қал береді.

Шығыстанушы-ғалым Әшірбек Мұминов «Мұнара» газетіне берген сұхбатында: «Құнды дүниелерімізді, бай мұраларымызды сақтап қалуға шұғыл түрде кірісуіміз керек. Тіпті жеке адамдардың қолындағы қолжазбаларды сатып алсақ та оны сақтап қалуға тырысуымыз қажет. Біз азаматтардың тарихты сақтап қалуға деген жауапкершілігін арттыруға барынша көңіл бөлуіміз керек», — деп дабыл қаққан болатын. Бұл — өте маңызды мәселе. Өйткені бабалар мұрасы — ұлтқа аманат. Ғасырлар тереңінен жеткен қолжазбалар мен сирек кітаптар халқымыздың рухани жады мен тарихи санасының ажырамас бөлігі. Ұлттық кітапхана қорында сақталған түркі тіліндегі қолжазбалардың каталогын әзірлеу ісіне атсалысуымыз — өткеннен жеткен осы аманатқа деген құрмет пен жауапкершіліктің көрінісі. Өйткені әрбір қолжазбада ұлттың тарихы, дүниетанымы, мәдениеті мен рухани құндылықтары қатталған. Осы тұрғыдан алғанда Ұлттық кітапхана қорында құнды жазба жәдігерлер сақталған. Бұл қолжазба қоры еліміздегі ең бай қордың бірі саналады. Осы қордағы түркі тіліндегі қолжазбалардың каталогын ИРСИКА, Ұлттық кітапхана және ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институты тарапынан шығарылуы үлкен зерттеулерге негіз болары анық.

Көне жазба мұраларды кітапхана қорларынан анықтап, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу — уақыт күттірмейтін маңызды міндеттердің бірі. Себебі бұл жәдігерлер тек өткен дәуірдің куәсі ғана емес, бүгінгі ұрпақтың рухани болмысын тануға мүмкіндік беретін баға жетпес дереккөздер саналады. Қолжазбалар зерттеліп, ғылыми сипатталып, кең ғылыми айналымға енген сайын олардың құндылығы артып, ұлттық руханияттың сабақтастығын нығайтуға қызмет етеді. Сондықтан бабалардан жеткен асыл мұраларды жинақтау, сақтау, зерделеу және кейінгі ұрпаққа жеткізу — тек ғалымдардың ғана емес, тұтас қоғамның ортақ парызы. Ал сол мұралардың ғылыми құндылыққа айналып, елігілігіне қызмет етуі бабалар аманатына деген адалдықтың жарқын көрінісі болмақ.



Әлем кітапханаларының байлығы, негізінен, онда сақталған көне қолжазбалар мен сирек кітаптарға тікелей байланысты. Егер де кітапханада тарих қойнауынан сыр шертетін құнды жазба жәдігерлер сақталса, онда ол ұлттық құндылық ретінде бағаланып, ерекше қорғалады. Оның түпнұсқасы тұрмақ, көшірмесін алудың өзі белгілі бір деңгейде қиындықтар туғызады.

Әлемде жүздеген, тіпті мыңдаған қолжазба сақталған кітапханалар баршылық. Мысал ретінде Стамбұлдағы Сүлеймания, Баязид, Тегерандағы Мәжіліс кітапханаларын алсақ болады. Сол жәдігерлер ішінде қазақтың тарихи мен мәдениетіне, тілі мен дініне қатысты құнды мұралар кездеседі. Біздің елімізде де Орталық Ғылыми кітапхана, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, сондай-ақ, Ұлттық кітапхана қорында көне қолжазбалар мен сирек кітаптар сақталған. Алғашқы екеуі қолжазбаларының құндылығымен ерекшеленетінін баса айтқан жөн. Сондай-ақ соңғы жылдары бабалар мұрасына деген қызығушылықтың артуына байланысты жер-жерлерден де қолжазба орталықтары ашылып жатыр. Соның бірі ретінде Ислам ғылыми-зерттеу институтының жанынан былтыр ашылған Қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығын атап өтуге болады. Мұнда бүгінде 200-ге жуық жазба жәдігер сақталған. Әрі олардың негізгі бөлігін діни-танымдық

жерде сақталуы тиіс. Әрі олар цифрлық мұрағатқа жүктеліп, ғылыми айналымға де енуі қажет. Ғылыми айналымға енген, сөрелерде құр экспонат ретінде тұрса, ол қазақ руханиятына қызмет етпейді. Осы жағын ескеріп, біз институтымызда көне қолжазбалар мен сирек кітаптарға екінші өмір сыйлау мақсатымен «Рухани мұра» жобасын қолға алдық. Осы бастаманың арқасында бабалар сөзін бүгінгі ұрпаққа жеткізуді көздеп отырмыз.

Тарих қойнауынан жеткен көне жәдігерлеріміздің құндылығы олардың жазылу тарихы мен біздің заманымызға дейін жеткен нұсқаларына тікелей байланысты. Егер де қолжазба автордың өз қолымен көшірілген әрі ғылымға белгілі санаулы нұсқаның бірі болса, онда ол жәдігердің құндылығы да арта түспек. Өкінішке қарай бізге дейін жеткен қолжазбалардың

бізге қаншалықты саф қалпында жетті деген ой да мазалайды. Тіпті Абайдың да өзінің қолымен жазған қолжазбасы сақталмаған. Оның шығармалары бізге Княз Худашев, Сәдуақас Шорманов, Мүрсейіт Бікіұлының көшірмелері арқылы жеткен. Бізге дейін жеткен қолжазбаларға салыстырмалы-мәтіндік зерттеулер жасап, автордың өз қолтаңбасын анықтау маңызды дер едік.

Бізге дейін жеткен қолжазбалардың кейбірінде мұстансихы (көшірушісі) мен көшірілу тарихы да ашып жазылмаған. Тіпті шығарманың авторы да белгісіз. Сондай жағдайда тәзкірлер мен манақыбнамалар арқылы әуелі шығарманың авторын анықтап алу қажеттілігі туындайды. Риядан қашқандықтан да, кейбір ғалымдар еңбектеріне өз аты-жөнін қалдыруды артық санаған. Автордың аты-жө-

ға бір ақсақал діни-дидактикалық шығарманы алып келіп, әкесінің жазғанын, соны кітап ретінде шығарғысы келетінін айтты. Баспаға жарты ақшасын да төлеп қойыпты. Мақсаты — бізден оң пікір алу. Шығарманы зерделей қарасақ, мәтіннің жазылу мәнері Шәді Жәңгірұлына келетінін аңғардық. Ақсақал оны әкесінің жазғанын, қолжазбаның үйіндегі сандығынан шыққанын айтып, дауласты. Біздің айтқан уәжімізге қарамастан, қолжазбада Шәді Жәңгірұлы деген автордың аты кездеспейтінін алға тартты. Біз институт қорындағы қолжазбамен салыстырып, мәтіннің ішіндегі әбжәд ілімінен жазылған «300+1+4» санын көрсеттік. Бұл сандардан «Шәді» деген ат шығатындығы белгілі. Осылайша көне қолжазбаның басқа біреудің атасының атына телініп кетудің алдын алып едік. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында отыздан аса діни шығарма жазған Шәді ақын кейбір туындыларына өзінің атын әбжәд ілімімен жазғаны белгілі.

Анонимдік қолжазбаларды былай қойғанда, тіпті Ислам әлеміне белгілі еңбектердің авторларына да қиянат жасап жатқандығымыз өкінішті. Мысалы, 1461-1462 жылдары Мұғиң әд-Дин Мұхаммед Хирауи тарапынан парсы тілінде жазылған еңбегі түпнұсқада «Мәғәриж ән-ну-бууә фи мәдәриж әл-футууә» деп аталады. Фәдл Мұхаммед ибн Мұхаммед Алты Бармақ осы шығарманы османлы тіліне «Дәләил ән-нубууәти Мухәммедин» деген атаумен тәржімалаған. Содан ел арасына аудармашының тахаллуысымен «Алты бармақ» ретінде тарай бастаған. Бұл кітап XX ғасырдың литография қалпында кеңінен тараған. Өкінішке қарай Ислам әлеміне белгілі осындай еңбекті үйдегі сырлы сандықтың түбінен шықты деп, авторын бұрмалауға қандай қажеттілік туды екен?

Сондай-ақ соңғы жылдары жарыққа шыққан кейбір кітаптардағы діни мәтіндердің телінген авторға қатысы жоқ екенін де аңғаруға болады. Сондықтан ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар мұрасына жанашырлық қажет. Көне қолжазбалар мен сирек кітаптарға қолдолологиялық, палеографиялық һәм текстологиялық зерттеулер жүргізіп, оларды ғылыми айналымға енгізу жағын қарастыру маңызды. Онда еңбектің авторы, көшірушісі, көшірілген уақыты мен тарихи-мәдени құндылығы анықталады. Сол арқылы бабалар сөзі рухани құндылықтарымызға айналып, бүгінгі руханиятымызға қызмет етеді.

Төрәлі ҚЫДЫР,
Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры

БАБАЛАР МҰРАСЫНА ЖАНАШЫРЛЫҚ ҚАЖЕТ

және діни-канондық мәтіндер құрайды.

Жалпы, бізге дейін жеткен қолжазбалардың басым бөлігін діни еңбектер мен шығармалар қамтитыны белгілі. Олар — қасиетті Құран аяттары, пайғамбардың хадистері мен діни-танымдық тұрғыда жазылған ғалым-ғұламалардың еңбектері. Сонымен бірге Исламның негізгі ұстындары өлен сөзбен өрнектелген діни-дидактикалық шығармалар да жиі кездеседі. Сопылықтың сырлы әлемінен сыр шертетін діни-сопылық туындылар да баршылық. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында алғашқы тасбаспа, литографиялардың ашылуымен бұл қолжазбалардың кейбірі кітап қалпында жарық көргенін де баса айтуымыз керек. Сол кезде мыңдаған тиражбен шыққан тасбаспа, литографиялар, сондай-ақ құнды қолжазбалардың басым бөлігі өткен ғасырдың басында халықтың санасын ұлайтын «зиянды» дүние ретінде саналып, өртелген. Сол кезде жойылудан аман қалған жәдігерлердің кейбірі бүгінде көнекөз қариялардың сырлы сандықтарында сақталған. Сонымен бірге жекелеген адамдар да бабалар мұрасына экспонат ретінде қарап, оларды жинауды хобби етіп алған. Тіпті оны бизнеске айналдырғандары да бар. Осы саланы зерттеп жүрген мамандарды сол жәдігерлердің сақталу деңгейі алаңдатады. Кейбірі жойылып кетудің алдында тұр. Көне жәдігерлер арнайы



негізгі бөлігін көшірмелер құрайды. Яғни автордың өзінің қолымен жазған қолжазба өте сирек. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда өмір сүрді дегенімізбен де, оның «Диуани хикметінің» ең көне нұсқасы XVI-XVII ғасырларға тиесілі. Арадағы төрт-бес ғасыр «үнсіздікте» баба сөзі

ні ашып жазылмаған сондай анонимдік шығармалар кейде басқа біреудің мүлкі ретінде есептеліп те келеді. Мұндай жағдайдың куәсі де болғанбыз. Осыдан жиырма жылдай уақыт бұрын М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет етіп жүргенімізде алдымыз-

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

